

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

# ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

# BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2023

---

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

**Редакция алқасы**

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабек Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

---

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,  
Астана, Казахстан

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабек Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

---

**Chief Editor Daurenbekova L.N.**  
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities  
Institute, Astana, Kazakhstan

**Editor-in-Chief Alimbayev A.E.**  
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities  
Institute, Astana, Kazakhstan

#### **Editorial Board**

<b>Aimuhambet Zh.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Aktayeva K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
<b>Absadyk A.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Bredikhin S.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
<b>Yermekova T.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
<b>Yesirkepova K.K.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Zhusipov N.K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
<b>Kurbanova M.M.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
<b>Kamzabek D.</b>	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Kuryshchan L.A.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
<b>Oner M.</b>	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
<b>Pimenova M.V.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
<b>Seifullina F.S.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev  
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

---

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиатекстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОҒЛУ Ө., ӘШІРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

#### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

#### ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

FTAXP 16.21.47

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.03>

\*Қ.С. ЕРҒАЛИЕВ<sup>1</sup> 

С.Ж. ЕРҒАЛИЕВА<sup>2</sup> 

Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар,  
Қазақстан<sup>1,2</sup>,

Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан<sup>2</sup>  
(e-mail: [ergaliev1976@mail.ru](mailto:ergaliev1976@mail.ru)<sup>1</sup>, [samal17.12@mail.ru](mailto:samal17.12@mail.ru)<sup>2</sup>)

### \*ИНТЕРНЕТ-КОММУНИКАЦИЯ ЖАНРЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада интернет пен ақпараттық технологияның қарқынды дамуына байланысты пайда болған қатысымның жаңа түрі – интернет-коммуникация туралы жалпы түсінікке шолу жасалып, терминдердің әр алуандығы сипатталды, ғалымдар тарапынан берген анықтамалардағы әрқилылық қарастырылып, жанрға жіктеуде түрлі көзқарастың қалыптасқаны сараланды. Осы тұжырымдар негізінде авторлар тарапынан интернет-коммуникация жанрлары құрылымдық-композициялық, коммуникативтік параметрлер бойынша топтастырылды. Оларға электронды пошта, жедел хабар алмасу жанры, қонақ кітабы, электронды хабарландыру тақталары, форум, чат, блог жатқызылды. Жұмыста аталған жанрлардың әрқайсысы талданып, өзара ұқсастықтары мен айырым белгілері айқындалды. Олардың барлығына тән ортақ белгі болып мыналар табылатыны көрсетілді: байланыс қандай да бір құрылғының көмегімен жүзеге асуы; ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері графикалық таңбаларды қолдану арқылы берілуі; қатынас адамдардың жүзбе-жүз физикалық қатысуынсыз, белгілі бір виртуалды кеңістікте, асинхронды және синхронды негізде орнауы; қатысушылар санына шектеу және жазбаларына қатаң бір талаптың қойылмауы. Ал айырмашылықтарына қатысымның сипаты (монолог, диалог, полилог) мен интерактивтілік дәрежесі, фатикалық қызметі мен әдеби тіл нормаларының сақталуы әрқайсысында әрқалай болуы т.б. жатады. Бұлар оны тілдің басқа жанрларынан ажырататын бірден-бір белгі екені аталды.

**Түйін сөздер:** интернет-коммуникация, блог, форум, чат, интерактивтілік, никнейм, аватар.

---

\* Мақала ҚР ҒЖБМ ғылым комитеті қаржыландыратын АР13068417 «Қазақ лингвомәдениетінің аксиологиялық доминанттары: дәстүр және жаңашылдық (күнделікті виртуалды қарым-қатынас материалдары негізінде)» ғылыми жобасы аясында жазылды.

**Кіріспе.** ХХІ ғасырда – ғылым мен техниканың қарқынды даму барысында – адамның білім жүйесінің жедел өсуі байқалады. Бұл құбылыс адамзат тарихындағы жаңа кезеңнің – постиндустриалды мәдениеттің немесе ақпараттық қоғамның қалыптасуына ықпал етті. Ақпараттық қоғам – постиндустриалды мәдениет өркендеуінің нәтижесі. Онда компьютер және басқа да ақпараттық технологиялар адам дамуының жетекші мәдени құралдарына айналып, ол өз кезегінде адамзаттың виртуалды ақпараттық әлемінің пайда болуына әкелді. Қазіргі уақыттағы ақпараттық ортаның ең жарқын мысалына ғаламдық желі – интернетті жатқызуға болады.

Интернет өткен ғасырдың соңғы ширегінде пайда болып, бүгінгі күні өміріміздің ажырамас бір бөлігі ретінде барлық салаларға етене енгені белгілі. Ол – «индустриалды кезеңдегі әлеуметтік және техникалық өзгерістердің тұтқасы болған электр қозғалтқыш секілді ақпараттық дәуірді қамтитын ақпараттық технология әрі әлеуметтік форма» [1,5]. Интернет арқылы кез келген адам өзіне қажетті мағлұматты – белгілі бір ақын-жазушы немесе қоғам қайраткері, білім-ғылым немесе өнер салаларының қызметкері, олардың өмірбаяндары не туындылары, атқарған істері, тарих, экономика, саясат, мәдениет, спорт, ауа райы т.б. туралы – таба алады. Интернет көмегімен әркім қай жерде, қашан әрі қалай тиімді демалуға болатынын, онда қарастырылған жағдайлар жайлы барынша толық мәлімет ала алады, тіпті делдалдарсыз билет сатып алу мүмкіндігіне иеленеді. Сондай-ақ интернет-дүкенде сауда жасауға, өзінің жанына жайлы жұмыс немесе пікірлес жолдас табуға, бос уақытты өткізуге, түрлі кино көруге, музыка тыңдауға немесе ойын ойнауға; тамақ дайындауды, тоқуды, билеуді, қандай да бір затты жасауды және т.б. үйренуге болады. А.Е. Войскунский адамның интернет арқылы қанағаттандыратын қажеттіліктерінің басты үш түрін көрсетеді: танымдық, ойын және коммуникативтік [2]. Танымдық қажеттілік желілік баспасөзді оқу, белгілі бір ақпаратты іздеу немесе ағымдағы жаңалықтармен танысу, сондай-ақ қашықтықтан білім беру түрлері және т.б. негізінде қанағаттандырылады. Ойын қажеттілігін қанағаттандыруға интернет арқылы жүзеге асатын жеке және топтық ойындар жатады. Коммуникативтік қажеттілік электронды пошта арқылы хат алмасу, чаттардағы, форумдардағы байланыс және т.б. бойынша қанағаттандырылады.

Байқағанымыздай, бастапқы кезде таза ақпарат алмасудың цифрлық құралы болған интернет, кейінгі уақытта пайдаланушылар үшін коммуникативтік платформаға айналды. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы қашықтықтан түрлі құрылғылар (компьютер, ноутбук, нетбук, планшет, смартфон т.б.) және әр алуан әлеуметтік желілер (Instagram, Facebook, VK, Tsu, Myspace, Xing, OkCupid, Twitter, ВКонтакте т.б.) арқылы жүзеге аса бастады. Интернет әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдарды белгілі бір уақыт пен виртуалды кеңістікте біріктіріп, өзара байланыс орнатуға жол ашты. Бұл



қатысымның жаңа түрі – интернет-коммуникацияның дамуына әкелді.

**Әдістеме мен зерттеу әдістері.** Интернет-коммуникация жайлы тіл білімінде қалыптасқан пікірлер мен тұжырымдарды саралауда жинақтау, сипаттау, баяндау әдістері пайдаланылды. Олардың түрлерін, өзара айырмашылықтарын ашып көрсетуде талдау, салыстыру әдіс-тәсілдері негізге алынды.

**Талқылау мен бақылау.** Интернет-коммуникация жаңа әрі қарқынды дамып келе жатқан қатысымның бір түрі болып табылады. Оның қыр-сырын жан-жақты қарастырмай, қазіргі тілдік ерекшеліктерді толық сипаттау мүмкін емес. Сондықтан болса керек, ол көптеген зерттеушілерге қызығушылық тудырып, түрлі аспектіде зерделену үстінде. Осы бағытта қалам тартқандарға Н.А. Ахренова, Е.П. Белинская, А.Е. Войскунский, Е.Н. Галичкина, Е.И. Горошко, Л.Ю. Иванов, Г.Н. Трофимова, Р.К. Потапова, Н.В. Кузнецова, В.А. Кушков, А.Е. Жичкина, Т.Б. Карпова, В.В. Красных, О.В. Лутовинова, П.В. Морослин, К.В. Овчарова, Л.В. Самойленко, М.Ю. Сидорова, Н.А. Носов, Л.Ю. Щипицина т.б. жатқызамыз. Осылардың қатарында қазақ интернет-түсіндірмелерінің ұлттық компонентін саралаған С.Ж. Ерғалиева да бар [3], [4], [5]. Ғалымдардың терминдерді қолдануларында берген анықтамаларында, интернет-коммуникацияны жанрлық түрге жіктеулері мен тұжырымдарды шығаруларында бірізділік байқалмайды. Мәселен, Е.Н. Вавилова, О.В. Лутовинова еңбектерінде «виртуалды дискурс», Е.Н. Галичкина, П.Е. Коңдрашов «компьютерлік дискурс» немесе «электронды дискурс», Н.Г. Асмус, Н.А. Ахренова «интернет-дискурс», Н.Л. Моргун «желілік дискурс», Е.И. Горошко «электронды коммуникация», «виртуалды коммуникация», «интернет-коммуникация» деген атауларды пайдаланады. Осы сынды әртүрлілік интернет-коммуникацияға білдірген анықтамаларда да ұшырасады. Л.А. Коханова, А.А. Калмыков, В.И. Штепа интернет-коммуникация деп «арнайы коммуникативтік-ақпараттық ортаны немесе электронды коммуникативтік арна арқылы жүзеге асырылатын коммуникативтік кеңістікті» айтса [6, 263], Н.Г. Брагина оны «ауызша сөйлеуді жазбаша түрде (чаттар, хабарламалар) беруге болатын қоғамдық орта» деп түсінеді [7, 7]. Онда қатысымға түсушілер әдеби тіл нормаларынан ауытқуға жол береді. Ал интернеттің жастардың мінез-құлқына әсерін арнайы зерттеген Н.Н. Самсонова: «Интернет-коммуникация – бұл әртүрлі байланыс құралдарын қолдана отырып, интернет арналары арқылы ақпарат беретін электронды қатысымның бір түрі. Ақпарат түрлі электронды құрылғылар (компьютер, смартфон, планшет, телефон, нетбук, ноутбук) арқылы әртүрлі формада (дауыс, бейне, аудио, мәтіндік хабарлама, құжат, файл) берілуі мүмкін. Интернет-коммуникация алуан түрлі қызмет (қарым-қатынас, танысу, білім беру, іскерлік байланыс, бос уақытты өткізу, ақпарат алу) атқарып, белгілі бір мақсатты (өзіндік тұжырымдамамен байланысты, қатынастарға қатысты және құралдық)

жүзеге асырады, дискурсты құру ерекшеліктері (тілдің өзгешелігі, ықшамдылық, аяқталмағандық, стилистикалық, интерактивтілік және т.б.) мен айрықша белгілерді (анонимдік, алшақтық, икемділік, физикалық тұрғыда таныстырылмағандық, мінез-құлықтың реттелмеуі, психологиялық және әлеуметтік тәуекелдің төмендеуі және т.б.) қамтиды», – деп оның атқаратын қызметі мен қойылған мақсатын, тілдік өзгешеліктері мен белгілерін санамалай отыра береді [8,11]. И.Н. Розина интернет-коммуникацияны «адамдардың түрлі ортада, контекст пен мәдениетте білім мен өзара түсінісуді қалыптастыру үшін пайдаланылатын электронды (көбінесе мультимедиялық) хабарламалар» [9, 32] деп есептейді.

О.В. Лутовинова «интернет-коммуникацияның» орнына «виртуалды дискурс» деген терминді қолданып, оның компьютерлік (электронды), желілік және интернет-дискурс пен қатысым тұрғысынан өзара байланысты екенін, виртуалды коммуникативтік орта (виртуалды дискурс), электронды қатысым арнасы (компьютерлік/ электронды дискурс), қарым-қатынас ережелері (желілік дискурс және оның ерекше түрі – интернет-дискурс) сынды ішінара қабаттасып келетін белгілерімен ажыратылатынын айтады. Ғалым интернет-жанрларды екі топқа бөлуді ұсынады: дискурс құрастырушы және дискурсқа ие болушы. Дискурс құрастырушы жанрды мәтіндерінің құрылымдық және композициялық критерийлері негізінде топтастырып, оған электронды пошта (e-mail), форум, қонақ кітабы, чат, блог, жедел хабар алмасу жанры, СМС пен көп пайдаланылатын желілік рөлдік ойындарды жатқызады. Дискурсқа ие болушы жанр техникалық параметрлерге байланысты қарым-қатынастың қалыптасқан формаларында ақпараттың тұрақты түрімен ерекшеленетінін алға тартып, оған флуд, флейм, спам, креативф, арнау, желілік флирт және виртуалды романды енгізеді. Жанрлардың бірінші тобын саралауға «адресатқа бағытталу сипаты (жаппай немесе дербестендірілген (дербес) бағдар), өзара әрекеттесу қағидаты (коммуникация бағыты), уақытша бағдар (синхронды немесе асинхронды қатынас), интерактивтілік дәрежесі (коммуниканттардың хабарламаға жауап беру жылдамдығы), регламенттеу (яғни баяндау түріне және/ немесе мазмұнына қойылатын қатаң талаптардың болуы)» сияқты коммуникацияны ұйымдастырудың параметрлері маңызды болып табылатынын пайымдайды [10, 4-24]. Н.Н. Самсонова интернет-коммуникацияның бейнечаттар (Scype, FaceTime т.б.), электронды пошта (Mail.ru, Google.com т.б.), мессенджерлер (Messenger, WhatsApp, Viber т.б.), әлеуметтік желілер (Вконтакте, Фейсбук, Инстаграм т.б.), онлайн-трансляция, блогтер (қоғамдық күнделік), форумдар мен бейнехостингілер (YouTube) сынды түрлерін көрсетсе [8, 11], Э.С. Карпов оны төмендегідей алты жанрға бөледі: 1) электронды пошта; 2) чат – техникалық құралдар, құрылғылар арқылы белгілі бір уақыттағы бейресми байланыс; 3) электронды хабарландыру тақталары; 4) компьютерлік конференция; 5) вебинар; 6) коммуникация мен ақпараттық

телекоммуникациялық хабарламаларды жылдам жеткізу үшін адамдарды желілік қауымдастыққа біріктірген «Вконтакте», «Одноклассники», «Facebook», «Twitter» сынды әлеуметтік желілер; Wiber, WhatsApp және т.б. ақпараттық телекоммуникациялық хабарламаларды беруге арналған бағдарламалар [11, 8]. Ал О.Ю. Усачева оның мынадай түрлерін айқындайды: веб-сайт, электронды пошта, чат (Internet Relay Chat), телеконференция (форум), желілік күнделік (интернет-күнделік, веб-блог), қонақ кітабы, жедел хабар алмасу құралдары (ICQ) [12, 37].

Ф.О. Смирнов интернет-коммуникация жанрларын бағыты мен интерактивтілік дәрежесін негізге ала отырып топтастырады. Интерактивтілік дәрежесі деп сұхбаттасушының хабарламаларға жауап беру жылдамдығы түсініледі:

- 1) интерактивтіліктің жоғары деңгейі (чат, ICQ);
- 2) интерактивтіліктің орташа дәрежесі (форум, конференция, блог);
- 3) интерактивтіліктің төмен деңгейі (электронды пошта) [13, 9].

Зерттеуде құрылымдық-композициялық, коммуникативтік параметрлерді негізге ала отырып, біз интернет-коммуникацияның мынадай жанрларын көрсетеміз: электронды пошта, жедел хабар алмасу жанры, қонақ кітабы, электронды хабарландыру тақталары, форум, чат, блог.

Электронды пошта (e-mail) – ауызша және жазбаша тіл ерекшеліктері біріктірілген байланыс жанры. Ол 1965 жылы Массачусетс технологиялық институтының қызметкерлері Н. Моррис пен Т.В. Влектің CTSS операциялық жүйесіне негізделген mail бағдарламасын жазуымен байланысты пайда болған. Онда интернет-коммуникацияға түсетін адам қандай да бір сайтта тіркелген электронды пошта жәшігінен келесі бір адамға қарапайым хабарламаларды, сондай-ақ оған қосымша жүктелген мәтіндік және басқа да сипаттағы файлдарды жіберу арқылы өзара қатынас орнатады. Хабарламалар қатысымға түсетін адамдар тарапынан өздеріне қолайлы уақытта әрі ыңғайлы қарқынмен дайындалады.

Электронды поштаның басқа қатысымдардан мынадай айырмашылықтары бар: 1) қарым-қатынастың сирек түрде орнатылуы; 2) уақытты үнемдеу мақсатында тек әріптердің пайдаланылуы; 3) синтаксистік қатаң нормалардан ауытқуы.

Жедел хабар алмасу жанры – интернет-коммуникацияға қатысушылардың белгілі бір уақытта мессенджердің не арнайы бағдарламаның көмегімен бір немесе бірнеше адаммен жедел хабар алмасу арқылы өзара қатысым орнатуы.

Қонақ кітабы – көп автор болуымен ерекшеленетін жанр. Онда интернет-коммуникацияға түсетін адамдар хабарлама-пікірлер деген сайттың арнайы парағында оның жұмысына баға беріп, өзіндік пікір қалдыра алады. Авторлар үшін жазатын хабарламалар саны мен көлеміне шектеу қойылмайды және олар

сайтта ашық түрде орналастырылғандықтан, кез келген адам танысу мүмкіндігіне иеленеді. Яғни «қонақтар кітабы» хронологиялық ретті сақтай отыра оң я теріс білдірілген хабарламалар жиынтығы болып табылады.

Электронды хабарландыру тақталары – жалпыға ортақ хабарламаларды орналастыруға арналған веб-сайт. Ол хабарламаның мазмұнына қарай бірнеше тақырыптық бөлімдерге жіктеледі және онда іздеу немесе сатуға негізделген заттар, құралдар т.б. жарнамаланады, белгілі бір қызмет не оқиға жайлы ақпарат беріледі.

Интернет-коммуникацияның кең таралған жанрларының бірі – форум. Ол байланыс off-line режимінде жүзеге асатын, түрлі тақырыптағы мәселелерді талқылайтын, ақпараттың түскен уақыты, автордың аты-жөні (ник), мәтінге дейінгі сілтеме және хабарлама мәтіні сынды құрылымнан тұратын күрделі ақпараттық интерактивтік жанр болып табылады. Қатысымға түсетін адамдар хабарламаларды қалаған уақытта жіберуге, қайта өңдеп, толықтыру мүмкіндігіне ие және олар форумда барынша ұзақ сақталады. Осыған орай әр жаңа қатысушы оны оқып, өзіндік пікір білдіре алады.

Форумда қатысушылардың жазбаларына, тақырыпты талқылау уақытына ешқандай талап әрі шектеу қойылмайды. Қарым-қатынас ақпараттық негізде, сұрақ-жауап түрінде болады. Негізінен, жауап көбінесе түсіндіру, кеңес беру, белгілі бір сайтқа бағыттау, сілтеу т.б. сипатта жүзеге асырылады. Сонымен қатар онда пікірлердің өзара түйіспейтіндігі, көзқарастардың қарама-қайшылығы, тіпті эмоцияға салыну да орын алады. Ол тыныс белгілері, эмотикондар мен түрлі графикалық белгілерді қолдану арқылы көрініс табады.

Форум хабарламаларының стилі ауызекіге жуықтау болғандықтан, мәтіндерінде фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік нормалардан ауытқу ұшырасады, орфографиялық және пунктуациялық қателерге жол беріледі.

Форумдағы адамдар коммуникацияға өздерінің шынайы есімдерімен немесе бүркеншік аттарымен (никнеймдермен) түсе алады. Әлеуметтік желіде шынайы есімдерін никнеймдермен ауыстыру жиі қолданылатын тәсіл болып табылады және ол қатысушыларды өзін-өзі еркін сезініп, тұлға ретінде көрсете алуға, әлеуметтік тұрғыдан автономды болуға, шығармашылық әлеуетті ашып, шыңдауға, қарым-қатынасты қиындататын психологиялық кедергілерді жеңуге мүмкіндік туғызады. Компьютерлік диалогтің тілін арнайы зерттеген И.В. Краснова виртуалды есімді – никнеймді таңдап қою интернет-коммуникацияны орнатудың алғашқы қадамы екенін айта келіп, бүркеншік аттарды форма (көлемі, есімді қоюда латын/ кирилл әріптерін, бас әріптерді, сандарды, сондай-ақ әртүрлі тыныс белгілерін қолдану т.б.) мен мазмұндық (гендерлік белгі, ник тақырыбы, жеке есімдерді немесе кез келген заттың атауын пайдалану т.б.) белгілері бойынша топтастырады [14, 12]. Ал форумды әлеуметтік-мәдени аспектіде зерделеген Т.А. Бочарова қатысымға түскен адамдардың лақап аттары

өздерінің күнделікті өмірдегі психологиялық және әлеуметтік жағдайларына сай келетінін айтып, оларды мынадай тақырыптық топтарға жіктейді [15, 18]: 1) ник-есімдер (толық, қысқартылған, еркелететін, символдық); 2) фито-және зоо-никтер; 3) профф-никтер; 4) гео-никтер; 5) кейіпкер-никтер; 6) миф-никтер; 7) фэнтези-никтер; 8) эмо-никтер; 9) мінездеме-никтер; 10) оқылмайтын никтер; 11) фразадан тұратын никтер.

Ғалым желілік сәйкестікті қалыптастыру үрдісінде «виртуалды кейіпкер» – пайдаланушының аватары (графикалық бейнесі) маңызды рөл атқаратынын, белгінің өмірдегі бейнемен қандай да болса корреляциялық жақындығы, сәйкестігі сақталатынын, тіпті шынайы бейнеге барынша қарама-қарсы кейіпкер жасауға тырысқанмен, ол автордың қасиеттеріне ие болатынын пайымдап, форум қатысушыларының графикалық бейнелерін келесідей топтарға саралап көрсетеді: 1) фотосуреттер (пайдаланушының шынайы (осы күнгі) суреті, белгілі бір танымал тұлғаның суреті (фотосуреті), балалық (жастық) шақтың фотосуреті, адам дене мүшелерінің суреті); 2) жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер; 3) табиғат (табиғи ландшафттар, табиғат құбылыстары, пейзаждар); 4) ертегі кейіпкерлері (мультфильм, ертегі, миф, фантазия, анимелердің кейіпкерлері, қуыршақтар); 5) көрікті жерлер (сәулет құрылыстары, ескерткіштер, әйгілі орындар және т.б.); 6) жазу; 7) абстракция; 8) арандату; 9) аватарсыз.

Қысқасы, форум интернет-коммуникацияның ауызша және жазбаша түрлерін қамтитын, анонимдік, қашықтық, делдалдық, коммуниканттардың өзара теңдігі, гипермәтіндік, шығармашылық, креолизация, мультимедиялық, компьютерлік этика, эмоцияларды, мимика мен сезімдерді эмотикондар арқылы жеткізетін, желілік құрылым мен сандық сигналдарды беретін арна сынды ерекше сипаттамалары бар күрделі көпөлшемді құрылымдық-семантикалық байланыс болып табылады.

Интернет-коммуникацияның келесі жанры – чат (ағылшын тілінен сөзбе-сөз аударғанда «бос сөз», «шатпақ», сонымен қатар «әңгімелесуге арналған бөлме» дегенді білдіреді). Ол – қатысушылардың белгілі бір сайтта, шынайы уақыт режимінде (on-line) кез келген тақырыптық бағыттағы мәтіндік хабарламалармен алмасу арқылы жүзеге асатын, көптеген адамдардың қолдануына қолжетімді интернет-коммуникация түрі. Онда форум секілді коммуниканттардың санына шектеу қойылмайды және байланыс еркін тақырыпта жүргізіледі.

Чат – гибридті жанр. Ол ауызша және жазбаша тіл ерекшеліктері бар, хабарлама жіберудің электронды арнасының өзгешеліктерімен ажыратылатын сөйлеу әрекетінің жаңа түрі болып табылады. Жазбаша және ауызша қарым-қатынас құралдарын біріктіру жаңа кеңістік құруға әрі байланысқа түсетін адамдардың коммуникативтік мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашады. Осы негізде тіл тұрақты дамуға түсіп, қатысымның жаңа жағдайларына бейімделеді,

коммуникацияның прагматикалық ерекшеліктеріне сәйкес қолда бар құралдарды өзгертіп, жетілдіреді.

Чатта ең көп таралған графикалық белгілер: эмотикондар, графикалық аббревиатуралар, түрлі түстер, бас және кіші әріптердің қолданылу комбинациясы т.б. Бейвербалды ақпаратты берудің алғашқы әрі маңызды графикалық құралдарына смайлдар (ағылш. smiley), яғни эмоцияны білдіретін идеограмма – эмотикондар (ағылш. emoticon) жатады. Смайлдар деп бейвербалды амалдарды білдіруге арналған символдар жиынтығын, сызықша, қос нүкте және жақша сынды графикалық белгілердің белгілі бір ретпен орналасуын айтамыз. Ядролық смайлдарға мыналарды жатқызуға болады: «:-)», «:-(», «;-)», «:-P» т.т.

И.В. Краснова соңғы кезде қатысымға түсушілер тарапынан жапондық смайлдарды пайдалану кең таралып жатқандығын, дәстүрлі смайлдарды түсіну үшін суретті ойша 90°-қа бұру керек болса (мысалы - :-)), жапондық смайлдардың айырмашылығы: оларды «тікелей» қабылдауға болатынын және мұрын көрсетілмейтінін айтады [14, 14]. Бұл оны аниме-графикасы канонына жақындатады. Ғалым ядролық жапондық смайлдарға ^\_^ – күлу, o\_o – таңғалу, 0\_0 – ерекше таңғалу т.б. сынды таңбаларды жатқызады.

Қысқасы, жаңа адамдармен танысып, бұрыннан таныс адамдармен қарым-қатынас орнату мақсатында жасалған чат келесідей конститутивтік белгілерге ие: 1) хабарламаның электрондық түрде болуы; 2) виртуалды байланыс ортасы; 3) компьютерлік делдалдық; 4) мультимедиалық; 5) интерактивтілік; 6) паралингвистикалық құралдардың графикалық түрде берілуі; 7) адамдардың физикалық тұрғыда болмауы; 8) қатысушылардың өзара теңдігі; 9) компьютерлік байланыс этикасының сақталуы.

Интернет-коммуникацияның ең танымал жанрларының бірі – блог. «Веблог» немесе «блог» – «web» және «log» деген екі сөздің бірігуінен жасалған термин. Оны ғылыми айналымға 1997 жылы Джорн Баржер (Jorn Barger) енгізді. 2001 жылы ол «Интернет қызметі» ретінде танымал болса, 2003 жылы жаппай таралып, қолданысқа түсті.

Блог – үнемі жаңартылып отыратын, жазбалары кері хронологиялық тәртіпте орналасқан, қарапайым және ыңғайлы басқару әдістері негізінде күнделіктер принципі бойынша құрылған, арнайы білімді қажет етпейтін, көпшілікке қолжетімді веб-беттер. Қазіргі уақытта оның екі түрлі мағынасы бар: веб-бет – интернеттегі ақпаратқа сілтеме жасалған жаңалықтар лентасы және онлайн күнделік. Олардың өзара айырмашылығы: онлайн күнделікке монологтік, ал веб-бетке монологтікпен қатар, диалогтік те сипат тән. Яғни блог мультимедиалық сипатқа ие әрі өзекті ақпараттарды ұсынатын жеке субъективті виртуалды кеңістік болып табылады. Оның басқа интернет-коммуникация жанрларынан ерекшелігі де сол, басты назар жеке тұлғаға – желі қолданушысына бағытталады. Блоггер, ең алдымен, адамдардың өзара

байланысын орнатуға және дамытуға ықпал етеді, екіншіден, онда желі қолданушыларының тұлғасы барынша толық әрі айқын көрінеді.

Орыс тілді блогтегі тілдік тұлғаны танымдық-прагматикалық қырдан қарастырған А.А. Калашникова блогтің қалыптасуына чаттар, интернет-пейджерлер, конференция мен форумдар ықпал еткенін айтады [16, 11].

Блог чат секілді ерекше гибридті жанр болып табылады. Оның бірегейлігі сол – мүмкіндіктердің кең вариативті парадигмасына және автордың бейнесі, адресаттың бейнесі, өткеннің бейнесі, болашақтың бейнесі, коммуникативтік мақсат сынды жанр қалыптастырушы категорияларға ие. Сондай-ақ ол бір мәтінде ақпараттылықпен қатар бағалауыштық, императивтілік және этикеттік сияқты қатысым сипаттарын бойына жинайды. Блог – интернет-коммуникацияның ерекше түрі бола тұра, адресат қажеттілігіне орай өзгере алатын жанр. Ол коммуникативтік, өзін-өзі таныстыру, ақпараттық, ойынсауық, әлеуметтік байланыстарды біріктіру және сақтау, мемуарлық т.б. қызметтерді атқарады.

Сонымен, блог – хронологиялық тәртіпте суреттерді, мультимедианы т.т. қамтитын, жеке адам, топ немесе адамдар қауымдастығының үнемі толықтырып отыратын іс-әрекеттері, көзқарастары, ойлары жайлы жазбалардан тұратын интернет-коммуникация түрі.

**Нәтижелер.** Интернет желісі мен ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты пайда болған интернет-коммуникация жанрларының өзіндік ұқсастықтары мен әрқайсысын даралайтын айырмашылықтар бар. Олар қолданылатын графикалық таңбалар мен ауызша және жазбаша тіл өзгешеліктеріне, қарым-қатынастың интерактивтілік дәрежесіне, қатысушылардың санына т.б. белгілеріне қарай ажыратылады.

Жанрларға тән ұқсастық болып мыналар табылады:

- интернет-коммуникация жанрларының қай-қайсысы болмасын графикалық белгілер, яғни қандай да бір таңбалар арқылы жүзеге асады;
- барлығы жазбаша тілдің белгісі болып табылатын жасанды ақпарат беру арналары арқылы жеткізіледі;
- ауызекі сөйлеу тіліне тән эмоциялар әрқайсысының өзіндік ерекшеліктеріне қарай жазбаша тілдік белгілер арқылы беріледі;
- интернет-коммуникация жанрларының барлығында интерактивтілік дәреже, яғни белгілі бір уақыт аралығында хабарламаға жауап беру қарастырылады;
- жанрлардағы қарым-қатынас адамдардың физикалық тұрғыда қатысуын талап етпей виртуалды кеңістікте жүзеге асырылатындықтан, қатысушылардың жасына, жынысына, қызметіне, мансабына т.б. ерекшеліктеріне мән берілмейді, байланыс тең дәрежелік сипатта жүреді.

Интернет-коммуникация жанрларының әрқайсысына тән өзгешеліктер мыналар:

1) Электронды хаттардың басты белгілері:

- асинхронды қатысым сипаты – хабарлама баяу жылдамдықпен жүретіндігін көрсетеді;
- қатысымды жүзеге асырудың басым нысаны, жазбаша тіл белгісі – монолог. Ал оның диалогтік бағыты ауызекі сөйлеу тілінің ықпалына ұшырауын айғақтайды;
- басты қызметі – ақпаратты жинақтау және жіберу, ал қатысымның фатикалық қызметі әлсіз болады;
- ауызекі сөйлеу тіліндегі эмоция, оны білдіретін белгілер, әдеби тілге жатпайтын бірліктер сирек ұшырасады.

2) Блог пен форумның белгілері өзара тоғысады:

- электронды хаттардағыдай коммуникация асинхронды түрде жүзеге асады;
- қатысымның сипаты – уақыттан кешіктірілген полилог болып табылады;
- қатысушылардың санына шектеу қойылмайды;
- жазбаша және ауызша тіл жанрларының ерекшеліктері біріктіріледі.

Айырмашылықтары:

- форумда блогке қарағанда диалогтік сипат басымырақ болады;
- форумның басты қызметі – ақпаратты жинақтау және жіберу. Сондай-ақ қатысымның фатикалық қызметінің де үлесі жоғары. Ал блогте ақпаратты тіркеу және жіберу сынды мақсаттар қолданылады;
- форумда адресаттың қарым-қатынас барысына ықпал ету деңгейі төменірек, ал қолданылатын сөйлеу құралдары көбірек болады.

3) Жедел хабар алмасу мен чат жанрларының белгілері:

- интернет-коммуникация синхронды түрде жүреді;
- қолданылатын қатынастың басты сипаты – диалог пен полилог;
- қатысым алуан түрлі тақырыпта өрбиді;
- интернет-коммуникацияда фатикалық қызмет басымырақ болады және ол таза ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктеріне жуықтатыла құрылады;
- қарым-қатынасқа бір мезгілде бірнеше адам түсе алу мүмкіндігіне ие болғандықтан, хабарламаларды қайта толықтырып, өңдеу жүзеге асырылмайды. ICQ-да хабарламалар желіде сақталса, чатта ол жойылып қалып отырады;
- қарым-қатынас барысында ауызекі сөйлеу тілінің элементтері көбірек қолданылғандықтан, әдеби тіл нормаларынан ауытқу жиі орын алады.

4) Қонақ кітабы мен электронды хабарландыру тақталарының белгілері:

- интернет-коммуникация асинхронды түрде жүзеге асады;
- қатысымның сипаты – монолог;
- қатысушылардың санына шектеу қойылмайды;
- жазбаша тіл ерекшеліктері ауызшаға қарағанда басымырақ болады.

**Қорытынды.** Қысқасы, интернет-коммуникация жанрларының



барлығында ауызша және жазбаша тіл ерекшеліктері қатар қолданылады. Оның белгілі бір уақытта, адамдардың бетпе-бет физикалық қатысуынсыз, виртуалды кеңістікте, қандай да бір құрылғының көмегі арқылы жүзеге асырылуы – тілдің басқа жанрларынан ажырататын бірден-бір белгісі. Осындай қыр-сыры мол қатысым түрі бүгінгі күнге дейін қазақ тіл білімінде толыққанды қарастырылған жоқ. Бұл ізбасар зерттеушілердің міндеті болып табылмақ.

### Әдебиеттер

1. Кастельс М. Галактика Интернет: размышления об Интернете, бизнесе и обществе / пер. с англ. А.Матвеева; под ред. В.Харитонов. – Екатеринбург: У-Фактория (при участии изд-ва Гуманитарного ун-та), 2004. – 328 с.
2. Войкунский А.Е. Интернет – новая область исследований в психологической науке // Ученые записки кафедры общей психологии МГУ. Выпуск 1. – М.: Смысл, 2002. – С. 82-101
3. Yergaliyeva S.Zh., Anesova A.Zh., Melnyk N.V., Uaikhanova M.A., Sarybayeva B.Zh. Linguistic-Personological Strategies and Practices of Commenting on Political Texts in Virtual Space // International Journal of Society, Culture & Language. – No 10 (3). – 2022. – P. 125-136. DOI: <https://doi.org/10.22034/ijsc.2022.558154.2714>
4. Yergaliyeva S.Z., Melnik N.V., Zhumabekova B.K., Yergaliyev K.S., Omarov N.R. Personal linguistic parametrization of text generation of the internet comments // X<sup>L</sup>Linguae, Volume 11, Issue 3, June 2018, ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X. – P. 2-15
5. Yergaliyeva S.Z., Yergaliyev K.S., Sakhariyeva A.Zh. The value potential of internet political commentaries // Қарағанды университетінің хабаршысы. Серия «Филология». – № 4(104). – Қарағанды, 2021. – Б. 59-66, DOI [10.31489/2021Ph4/59-66](https://doi.org/10.31489/2021Ph4/59-66)
6. Коханова Л.А., Калмыков А.А., Штепа В.И. Информационно-коммуникативная парадигма (на примере научной журналистики). Монография. – М., 2008. – 369 с.
7. Брагина Н.Г. Речевые оплошности в интернет-коммуникации // Вестник Томского государственного университета. – № 444. – Томск, 2019. – С. 5-13.
8. Самсонова Н.Н. Взаимосвязь интернет-коммуникаций и социального поведения молодежи: автореф. дисс. ... канд. псих. наук. – М., 2018. – 26 с.
9. Розина И.Н. Педагогическая компьютерно-опосредованная коммуникация: теория и практика. – М.: Логос, 2005. – 437 с.
10. Лутовинова О.В. Лингвокультурологические характеристики виртуального дискурса: автореф. дисс. ... докт. филол. наук. – Волгоград, 2009. – 40 с.
11. Карпов Э.С. Функциопотование сленга в дискурсе интернет-коммуникаций: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – М., 2016. – 22 с.
12. Усачева О.Ю. Дискурсный анализ текстов диалогической интернет-коммуникации: автореф. дисс. ... докт. филол. наук. – Елец, 2013. – 52 с.
13. Смирнов Ф.О. Национально-культурные особенности электронной коммуникации на английском и русском языках: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Ярославль, 2004. – 22 с.
14. Краснова И.В. Язык компьютерных диалогов: нормативно-этический аспект (на материале русскоязычных чатов): автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Кемерово,

2012. – 22 с.

15. Бочарова Т.А. Интернет-форумы как социально-культурный феномен: проблема конструирования виртуальной реальности: автореф. дисс. ... канд. соц. наук. – Хабаровск, 2015. – 24 с.

16. Калашникова А.А. Языковая личность в русскоязычном блоге: когнитивно-прагматический аспект: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Ростов-на Дону, 2011. – 19 с.

**К.С. ЕРГАЛИЕВ**

Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана, Павлодар,  
Казахстан

**С.Ж. ЕРГАЛИЕВА**

Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан

### **ОСОБЕННОСТИ ЖАНРОВ ИНТЕРНЕТ-КОММУНИКАЦИИ**

**Аннотация.** В статье рассмотрены общие представления об интернет-коммуникации, новом виде общения, появившемся в связи со стремительным развитием Интернета и информационных технологий, описано многообразие терминов, рассмотрены различия в определениях, выделено формирование различных взглядов на жанровую классификацию. На основе этих выводов авторы сгруппировали жанры интернет-коммуникации по структурно-композиционным, коммуникативным параметрам. К ним относятся электронная почта, жанр мгновенных сообщений, гостевая книга, электронные доски объявлений, форум, чат, блог.

В работе проанализирован каждый из перечисленных жанров, выявлены их сходства и отличительные черты. Были выявлены (характерные для всех) общие признаки: общение осуществляется с помощью какого-либо устройства; особенности разговорной речи передаются с использованием графических символов; общение устанавливается в определенном виртуальном пространстве, на асинхронной и синхронной основе, без физического присутствия людей; отсутствие ограничения количества участников и требования к их записям. К различиям относятся характер участия (монолог, диалог, полилог) и степень интерактивности, фатическая функция, соблюдение норм литературного языка и др. Они были названы как основные признаки, отличающие его от других жанров языка.

**Ключевые слова:** интернет-коммуникация, блог, форум, чат, интерактивность, никнейм, аватар.

**K.S. YERGALIYEV**

Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan

**S.ZH. YERGALIYEVA**

Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan

## FEATURES OF INTERNET COMMUNICATION GENRES

**Annotation.** The article discusses general ideas about Internet communication, a new type of communication that has appeared in connection with the rapid development of the Internet and information technologies, describes the variety of terms, considers differences in definitions given by scientists, highlights the formation of different views on genre classification. On the basis of these conclusions, the author grouped the genre of Internet communication according to structural-compositional, communicative parameters. These include e-mail, the genre of instant messages, guest book, electronic bulletin boards, forum, chat, blog.

The paper analyzes each of the listed genres, reveals their similarities and distinctive features. It has been described that a common feature, characteristic of all of them, is: communication is carried out using some device; features of colloquial speech are transmitted using graphic symbols; communication is established in a certain virtual space, on an asynchronous and synchronous basis, without the physical presence of people; no limit on the number of participants and requirements for their records. And the differences include the nature of participation (monologue, dialogue, polylogue) and the degree of interactivity, phatic function and compliance with the norms of the literary language, etc. They were named as the main features that distinguish it from other genres of the language.

**Keywords:** Internet communication, blog, forum, chat, interactivity, nickname, avatar.

## References

1. Kastels M. Galaktika Internet: razmyshleniya ob Internete, biznese i obshchestve / per. s angl. A.Matveeva; pod red. V.Haritonova. – Ekaterinburg: U-Faktoriya (pri uchastii izd-va Gumanitarnogo un-ta), 2004. – 328 s.
2. Vojkunskij A.E. Internet – novaya oblast' issledovaniy v psihologicheskoy nauke // Uchenye zapiski kafedry obshchej psihologii MGU. Vypusk 1. – M.: Smysl, 2002. – S. 82–101
3. Yergaliyeva S.Zh., Anesova A.Zh., Melnyk N.V., Uaikhanova M.A., Sarybayeva B.Zh. Linguistic-Personological Strategies and Practices of Commenting on Political Texts in Virtual Space // International Journal of Society, Culture & Language, No 10 (3). 2022, – S. 125-136, DOI: <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2022.558154.2714>
4. Yergaliyeva S.Z., Melnik N.V., Zhumabekova B.K., Yergaliyev K.S., Omarov N.R. Personal linguistic parametrization of text generation of the internet comments // XLinguae, Volume 11, Issue 3, June 2018, ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X. – S. 2-15
5. Yergaliyeva S.Z., Yergaliyev K.S., Sakhariyeva A.Zh. The value potential of internet

political commentaries // Bulletin of Karaganda University. – № 4(104). – Karaganda, 2021. – S. 59-66. DOI 10.31489/2021Ph4/59-66

6. Kohanova L.A., Kalmykov A.A., SHtepa V.I. Informacionno-kommunikativnaya paradigma (na primere nauchnoj zhurnalistiki). Monografiya. – M., 2008. – 369 s.

7. Bragina N.G. Rechevye oploshnosti v internet-kommunikacii // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. – № 444. – Tomsk, 2019. – S. 5-13.

8. Samsonova N.N. Vzaimosvyaz' internet-kommunikacij i social'nogo povedeniya molodyozhi: avtoref. diss. ... kand. psih. nauk. – M., 2018. – 26 s.

9. Rozina I.N. Pedagogicheskaya komp'yuterno-oposredovannaya kommunikaciya: teoriya i praktika. – M.: Logos, 2005. – 437 s.

10. Lutovinova O.V. Lingvokul'turologicheskie harakteristiki virtual'nogo diskursa: avtoref. diss. ... dokt. filol. nauk. – Volgograd, 2009. – 40 s.

11. Karpov E.S. Funkciopotovanie slenga v diskurse internet-kommunikacij: avtoref. diss. ... kand. filol. nauk. – M., 2016. – 22 s.

12. Usacheva O.Y. Diskursnyj analiz tekstov dialogicheskoy internet-kommunikacii: avtoref. diss. ... dokt. filol. nauk. – Elec, 2013. – 52 s.

13. Smirnov F.O. Nacional'no-kul'turnye osobennosti elektronnoj kommunikacii na anglijskom i russkom yazykah: avtoref. diss. ... kand. filol. nauk. – YAroslavl', 2004. – 22 s.

14. Krasnova I.V. Yazyk komp'yuternyh dialogov: normativno-eticheskij aspekt (na materiale russkoyazychnyh chatov): avtoref. diss. ... kand. filol. nauk. – Kemerovo, 2012. – 22 s.

15. Bocharova T.A. Internet-forumy kak social'no-kul'turnyj fenomen: problema konstruirovaniya virtual'noj real'nosti: avtoref. diss. ... kand. soc. nauk. – Habarovsk, 2015. – 24 s.

16. Kalashnikova A.A. Yazykovaya lichnost' v russkoyazychnom bloge: kognitivno-pragmaticheskij aspekt: avtoref. diss. ... kand. filol. nauk. – Rostov-na Donu, 2011. – 19 s.

#### **Авторлар туралы ақпарат:**

**Ерғалиев Қуаныш Советұлы** – филология ғылымдарының кандидаты, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры, Павлодар, Қазақстан.

**Ерғалиев Куаныш Советулы** – кандидат филологических наук, профессор, Павлодарского педагогического университета имени А. Маргулана, Павлодар, Казахстан.

**Yergaliyev Kuanysh Sovetuly** – Candidate of philology, Professor of Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.

**Ерғалиева Самал Жанатқызы** – философия докторы (PhD), Торайғыров университетінің қауымдастырылған профессоры, Павлодар, Қазақстан.

**Ерғалиева Самал Жанатқызы** – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор Торайғыров университета, Павлодар, Казахстан.

**Yergaliyeva Samal Zhanatkyzy** – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan.